

2023 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 302 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 қыркүйекте № 6027-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 2023 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидиялар нормалары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) 2023 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 302 қаулысына

1 қосымша

2023 жылға арналған басым дақылдардың субсидиялар нормалары

№ р/с	Басым дақылдардың атауы	1 тоннаға арналған бюджеттік субсидияның нормасы, теңге
1	Қант қызылшасы	25 000
2	Жүгері	6 000
3	Майбұршақ	6 000

4	Мақсары	6 000
5	Күнбағыс	6 000
6	Рапс	6 000

Алматы облысы әкімдігінің 2023
жылғы 31 тамыздағы № 302 қаулысына
2 қосымша

2023 жылға арналған өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

№ р/с	Облыс атауы	Бюджеттік субсидияның көлемі, теңге
1	Алматы облысы	735 987 000
	Барлығы	735 987 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК